Балалардың жүйені кездейсоқ жұтып қоюына жол бермеу үшін Фентавера аппликациясына орынды абайлап таңдау және оның дұрыс жапсырылуын мұқият қадағалау керек. Жүйені жапсыру мұқият бақылануы тиіс.

Аралас апиынды агонистер/антагонистерді бір мезгілде қабылдау

Бір мезгілде бупренорфин, налбуфин немесе пентазоцин қабылдау ұсынылмайды.

Егде жастағы пациенттер

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Фентанилді вена ішіне қолдану зерттеулерінің деректері егде жастағы пациенттерде клиренс төмендеуі мүмкін, ал жартылай шығарылу кезеңі ұзаққа созылуы мүмкін, бұл орайда олар әсер етуші затқа, өздерінен жас пациенттерге қарағанда, өте сезімтал болуы мүмкін деп жорамалдауға мүмкіндік береді. Егер егде жастағы пациенттер Фентавераны қолданатын болса, олардың жай-күйін фентанилдің уыттылық белгілері тұрғысынан мұқият қадағалау және қажет болған жағдайда дозаны төмендету керек.

Асқазан-ішек жолына әсері

Апиындар асқазан-ішек жолының тонусын көтереді және тегіс бұлшықеттерінің пропульсивті жиырылуын азайтады. Соның нәтижесінде асқазан-ішектік тасымал уақыты артады, бұл іш қату себебі болуы мүмкін. Пациенттерге іш қату профилактикасының дәрілерін ұсыну керек, ал кейбір жағдайларда профилактикалық мақсатта іш жүргізетін дәрілерді тағайындау қажеттілігін қарастыруға болады. Созылмалы іш қатуы бар пациенттерге трансдермальді жүйелер қолдануды өте абайлап тағайындау керек. Салданған ішек бітелісінің дамуы болса немесе ол күмән тудырса, Фентавера қолдануды тоқтату керек.

Гравис миастениясы бар пациенттер

Эпилепсиялық емес миоклонустық реакциялар туындауы мүмкін. Гравис миастениясымен науқастарды емдегенде сақтық таныту керек.

Апиындар тудырған гипералгезия

Апиын индукциялаған гипералгезия (АИГ) – бұл, апиындардың тұрақты немесе жоғары әсер етуіне қарамастан, ауырсыну сезімінің күшеюі байқалатын апиынға парадоксты реакция. Бұл сол ауыруды басатын әсеріне жету немесе қайталанатын ауырсынуды емдеу үшін апиындардың өте жоғары дозалары қажет болатын төзімділігінен өзгешелігі болады. АИГ жоғары ауырсыну деңгейі, жайылып кеткен ауырсыну (яғни, азырақ ошақтанған) немесе аурудың үдеу белгілерінсіз дағдылы (яғни ауырсындырмайтын) тітіркендіргіштерден (аллодиния) болатын ауыру түрінде көрініс беруі мүмкін. АИГ күмән тудырғанда апиындар дозасын азайту немесе мүмкіндігінше азайту керек.

Жүктілік және бала емізу кезеңінде қолдану

Жүктілік

Жүкті әйелдерде жүйені пайдалануға қатысты деректер шектеулі. Жануарларға жүргізілген зерттеулер тұқым өрбіту қабілетіне сәл уыттылығы барын көрсетті. Адамдар үшін зор қаупі белгісіз. Фентанил плацента арқылы өтеді. Жүктілік кезеңінде фентанилмен трансдермальді

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

емдік жүйені ұзақ уақыт қолданған аналардан жаңа туған нәрестелерде неонатальді тоқтату синдромының туындауы мәлімделді. Фентавераны, егер оның айқын қажеттілігі болмаса, жүктілік кезеңінде қолдануға болмайды. Босану кезінде (кесарь тілігін қоса) трансдермальді емдік жүйені пайдалану ұсынылмайды, өйткені ол жедел немесе операциядан кейінгі ауыруды басуға қолданылмайды. Оның үстіне, фентанил плацента арқылы өтетіндіктен, Фентавераны босану кезінде қолдану жаңа туған нәрестеде тыныс тарылуын тудыруы мүмкін.

Бала емізу

Фентанил емшек сүтіне экскрецияланады және емшекпен қоректенуде жүрген сәбиде тыныштану және/немесе тыныс тарылуын туындатуы мүмкін. Сондықтан Фентавераны қолданғанда жүйені алып тастаудан кейін, кем дегенде, 72 сағат бойы бала емізуге болмайды.

Фертильділік

Фентанилдің фертильділікке әсері жөнінде клиникалық деректер жоқ. Егеуқұйрықтарға жүргізілген кейбір зерттеулерде фертильділіктің төмендеуі де, енесіне уытты дозаларында эмбриондардың көп өліп қалуы да анықталды.

Автокөлікті немесе басқа механизмдерді басқару кезіндегі реакция шапшаңдығына әсер ету қабілеті

Фентавера автокөлікті басқару немесе басқа механизмдермен жұмыс істеу сияқты аса қауіпті жұмысты орындау үшін қажетті ақыл-ой және/немесе психикалық функцияларға ықпал етуі мүмкін.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Фентавера препаратының дозасын пациент үшін жеке таңдау және трансдермальді емдік жүйе аппликациясынан кейін жүйелі бағалау қажет. Ең төмен тиімді дозасын пайдалану керек.

Фентавера трансдермальді емдік жүйесі, тиісінше, тәулігіне 0,3, 0,6, 1,2, 1,8 және 2,4 мг шамасына баламалы болатын сағатына 12,5; 25; 50; 75 және 100 мкг фентанилді жүйелік қан ағымына босатып шығарады.

Бастапқы дозаны таңдау

Фентавера дозасын таңдау кезінде пациент апиынды анальгетиктің ағымдағы қолданылуын ескеру қажет. Фентавера препаратын бұрын апиындар қабылдаған пациенттерде пайдалану ұсынылады.

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Назарға алу керек болатын басқа факторлар салмағын, бойын, жасын және арықтау дәрежесін, сондай-ақ апиынға төзімділік дәрежесін қоса, пациент денсаулығының ағымдағы жалпы жай-күйі болып табылады.

Ересектер

Апиындарға төзімділігі бар пациенттер

Апиындарға төзімділігі бар пациенттерді пероральді немесе парентеральді апиындардан Фентавераға ауыстыру үшін 1 кестені қараңыз. Егер бұл қажет болса, пациент реакциясына және қосымша ауыруды басу қажеттілігіне байланысты, Фентавераның ең аз қолайлы дозасына жету үшін 12,5 немесе 25 мкг/сағат қадаммен кейіннен дозаны арттыру немесе азайту жағына қарай титрлеуге болады.

Бұрын апиындар алмаған пациенттер

Трансдермальді пайдалану, әдетте, бұрын апиындар қабылдамаған пациенттерге ұсынылмайды. Баламалы енгізу әдістерін (пероральді, парентеральді) қарастыру керек. Артық дозалануды болдырмау үшін пациенттерге босап шығу жылдамдығы 12,5 мкг/сағат немесе 25 мкг/сағат Фентавераға баламалы болатын ауыруды басатын дозаға дейін титрленген қысқа әсер ететін апиындардың (мысалы, морфин, гидроморфон, оксикодон, трамадол немесе кодеин) төмен дозаларын алуға кеңес беріледі. Содан кейін пациенттерді Фентавераға ауыстыруға болады.

Егер пероральді апиындармен бастапқы тұрақтандыру мүмкін болмаса, ал Фентавера апиындар алмаған пациенттерге сай келетін бірден бір емдеу нұсқасы болып саналса, тек ең төмен бастапқы дозасын (яғни, 12,5 мкг/сағат) қарастыру керек. Осындай жағдайларда пациент мұқият қадағалауда болуы тиіс. Фентавера тіпті апиындар алмаған пациенттерде бастапқы ем ретінде ең төмен тиімді дозада пайдаланылған жағдайларда да ауыр немесе өмірге қауіпті гиповентиляция ықтималдығы бар.

Басқа белсенді апиындардан ауысу

Фентавераға пероральді немесе парентеральді апиындардан ауысқанда бастапқы доза келесі үлгіде есептелуі тиіс:

4. Қазіргі уақытта қабылданатын апиынның тәуліктік дозасын (мг/тәулік) есептеу.
5. Осы мөлшерін, тиісті қолдану тәсілі үшін 1 кестедегі көбейту коэффициентін пайдаланып, морфиннің пероральді баламалы дозасына ауыстыру.
6. 2 немесе 3 кестелер көмегімен морфиннің 24 сағаттық дозасына баламалы Фентавера препаратының пациентке қажетті дозасын табу:

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

а) 2 кесте апиындарды кезектестіру қажет болатын пациенттерге немесе клиникалық тұрақтылығы аз пациенттерге қатысты (пероральді морфинді трансдермальді фентанилге конверсиялау коэффициенті шамамен 150:1 тең);

б) 3 кесте тұрақты және жағымдылығы жақсы ем қабылдап жүрген пациенттерге қатысты (пероральді морфинді трансдермальді фентанилге конверсиялау коэффициенті шамамен 100:1 тең).

1 кесте: Дозаларды конверсиялау кестесі – осының алдындағы апиындардың тәуліктік дозасын морфиннің 24 сағаттық ауыруды басатын баламалы пероральді дозасына ауыстыру үшін көбейту коэффициенттері (мг/күн ізашар апиын x ауыруды басатын баламалы емдегі көбейту коэффициенті)

Ізашар апиын	Қолдану тәсілі	Көбейту коэффициенті
Морфин	пероральді	1 ^a
	парентеральді	3
Бупренорфин	сублингвальді	75
	парентеральді	100
Кодеин	пероральді	0,15
	парентеральді	0,23 ^b
Диаморфин	пероральді	0,5
	парентеральді	6 ^b
Фентанил	пероральді	-
	парентеральді	300
Гидроморфон	пероральді	4
	парентеральді	20 ^b
Кетобемидон	пероральді	1
	парентеральді	3
Леворфанол	пероральді	7,5
	парентеральді	1,5 ^b
Метадон	пероральді	15
	парентеральді	3 ^b
Оксикодон	пероральді	1,5
	парентеральді	3
Оксиморфон	ректальді	3
	парентеральді	30 ^b

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Петидин	пероральді	-
	парентеральді	0,4 ^b
Тапентадол	пероральді	0,4
	парентеральді	-
Трамадол	пероральді	0,25
	парентеральді	0,3

^a Пероральді/бұлшықет ішіне енгізу кезіндегі морфиннің зор тиімділігі созылмалы ауыруы бар пациенттердің клиникалық тәжірибесіне негізделген.

^b Бір реттік дозасын зерттеулер негізінде атап көрсетілген әр белсенді заттың бұлшықет ішіне енгізілетін дозасы салыстырмалы тиімділігін анықтау үшін морфинмен салыстырылды. Ұсынылатын пероральді дозаларын парентеральді қабылдаудан пероральді қабылдауға ауысу кезінде пайдалану керек.

2 кесте: Морфиннің тәуліктік пероральді дозасы негізінде ұсынылатын Фентавераның бастапқы дозасы (апиындарды кезектестіру қажет болатын пациенттер немесе клиникалық тұрақтылығы аз пациенттер үшін: пероральді морфинді трансдермальді фентанилге қайта есептеу коэффициенті шамамен 150:1 тең)¹

Пероральді морфин дозасы (мг/тәулік)	Фентавера (мкг/сағат)
< 90	12,5
90-134 (ересектер үшін)	25
135-224	50
225-314	75
315-404	100
405-494	125
495-584	150
585-674	175
675-764	200
765-854	225
855-944	250
945-1034	275
1035-1124	300

¹ Клиникалық зерттеулерде морфиннің күнделікті пероральді дозасына арналған осы дозалар диапазоңдары Фентавераға ауысу үшін негіз ретінде пайдаланылды.

3 кесте: Морфиннің тәуліктік пероральді дозасы негізінде ұсынылатын Фентавераның бастапқы дозасы (тұрақты және

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

жағымдылығы жақсы апиынмен ем қабылдап жүрген пациенттер үшін: пероральді морфинді трансдермальді фентанилге қайта есептеу коэффициенті шамамен 100:1 тең)

Пероральді морфин дозасы (мг/тәулік)	Фентавера (мкг/сағат)
< 44	12,5
45-89	25
90-149	50
150-209	75
210-269	100
270-329	125
330-389	150
390-449	175
450-509	200
510-569	225
570-629	250
630-689	275
690-749	300

Фентавераның ең жоғары ауыруды басу әсерінің бастапқы бағалауын аппликациядан кейін 24 сағат өтпей тұрып жүргізуге болмайды. Осындай уақыт аралығы бастапқы аппликациядан кейін 24 сағат ішінде сарысуда фентанил концентрациясының біртіндеп жоғарылау себебінен болды.

Жүйені алғаш аппликациялау сәтінен бастап Фентавераның ауыруды басу тиімділігіне жетуге дейін алдыңғы анальгетик дозасын біртіндеп азайту керек.

Дозаларды титрлеу және демеуші ем

Фентавера жүйесін әр 72 сағат сайын ауыстыру керек. Дозаны ауыруды басу әсері мен пациентке жағымдылығы арасындағы теңгерімге жеткенше қосымша анальгетиктердің орташа тәуліктік қажеттіліктеріне қарай әркімге жеке титрлеу керек. Қажет болса, пациентке қосымша ауыруды басу қажеттілігін (45-90 мг пероральді морфин/күн \approx Фентавера 12,5-25 мкг/сағат) және ауыру айқындылығын есепке алып, дозаны 12,5 мкг/сағаттан 25 мкг/сағатқа дейін арттыра отырып, түзету жүргізген жөн. Дозаны арттырудан кейін пациент үшін толық ауыруды басу әсеріне жетпес бұрын 6 күнге дейін уақыт өтуі мүмкін. Демек, дозаны арттырудан

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

кейін пациент дозаны әріқарай арттыруды жүргізбес бұрын екі 72 сағаттық аппликация тұсында өте жоғары дозасы бар жүйені жапсыруы тиіс.

100 мкг/сағаттан артық дозасына жету үшін біреуден көп Фентавера жүйесін пайдалануға болады. Пациенттерде «қақсап» ауыруды басу үшін қысқа әсер ететін анальгетиктің қосымша дозаларын мезгіл-мезгіл қолдану қажеттілігі туындауы мүмкін. Фентавераның 300 мкг/сағат дозасынан асып кеткенде ауыруды басудың қосымша немесе баламалы әдістерін қолдану мүмкіндігін қарастыру керек.

Ауырсынудың тиісті бақылауы болмағанда гипералгезия, төзімділік және негізгі аурудың үдеу мүмкіндігін ескеру керек.

Егер алғашқы аппликацияда ауыруды басу әсері жеткіліксіз болса, 48 сағат өткен соң Фентавера трансдермальді емдік жүйесін сол дозадағы трансдермальді емдік жүйеге ауыстыруға немесе 72 сағат өткен соң дозаны арттыруға болады.

Егер трансдермальді емдік жүйені 72 сағат өтуінен ерте ауыстыру қажет болса (мысалы, оның теріден түсіп қалуы салдарынан), дәл сол дозадағы жүйені терінің басқа бөлігіне жапсырған жөн. Бұл сарысулық фентанил концентрациясының артуына әкелуі мүмкін, сондықтан пациентті мұқият қадағалау керек.

1, 2 және 3 кестелер дозаны асырып жіберуден және жаңа анальгетикпен артық дозалану мүмкіндігінен сақтану үшін Фентаверадан басқа емдеу әдістеріне ауысуды есептеуге пайдаланылмауы тиіс.

Егде жастағы пациенттер

Егде жастағы пациенттердің жай-күйін мұқият қадағалау керек, ал доза пациенттің жай-күйіне байланысты әркімге жеке таңдалу керек. Бұрын апиындар алмаған егде жастағы пациенттерде, егер ықтималды пайдасы жағымсыз реакциялардың болжамды даму қаупінен асып кеткен жағдайда ғана емдеуді бастау керек. Осы жағдайларда емдеуді бастау үшін тек 12,5 мкг/сағат Фентавера қарастырылуы тиіс.

Бауыр және бүйрек функциясының бұзылуы

Бүйрек немесе бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттердің жай-күйін мұқият қадағалау керек, доза пациенттің жай-күйіне қарай әркімге жеке таңдалу керек. Бұрын апиындар алмаған бүйрек және бауыр функциясының бұзылуы бар пациенттерде, егер ықтималды пайдасы жағымсыз реакциялардың болжамды даму қаупінен асып кеткен жағдайда ғана Фентавераны қолдану мүмкіндігін қарастыру керек. Осы жағдайларда емдеуді бастау үшін тек 12,5 мкг/сағат Фентавера қарастырылуы тиіс.

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Балалар

16 жастағы және одан үлкен балалар: ересектерге арналған дозаны қолданады.

2 жасан 16 жасқа дейінгі балалар: Фентавера препараты 2-ден 16 жасқа дейінгі балаларда, егер олар бұрын тәулігіне кемінде 30 мг морфиннің баламалы дозасын қабылдап жүрген болса, қолданылуы тиіс. Балалар жасындағы пациенттерді пероральді немесе парентеральді апииндардан Фентавераға ауыстыру үшін дозалардың баламалы өзгертілуін (1 кесте) және морфиннің тәуліктік пероральді дозасына негізделген Фентавераның ұсынылған дозасын қараңыз (4 кесте).

4 кесте: Балалар жасындағы пациенттерге¹ морфиннің пероральді тәуліктік дозасы² негізінде ұсынылатын Фентавера дозасы

Пероральді морфиннің тәуліктік дозасы (мг/тәулік)	Фентавера (мкг/сағат)
30 - 44	12,5
45 - 134	25

¹ Фентаверадан ауысқанда 12,5 мкг/сағат дозасынан жоғары дозаларын қолдану кезінде конверсиялау коэффициенттері ересектер мен балалар үшін бірдей (2 кестені қараңыз).

² Клиникалық зерттеулерде пероральді морфиннің тәуліктік дозаларының осындай диапазондары Фентавераға ауысу кезінде бастапқы дозалар ретінде пайдаланылды.

Екі зерттеуде балалар жасындағы пациенттерде фентанилдік трансдермальді жүйенің қажетті дозасы консервативті есептелді: тәулігіне 30 мг-ден 44 мг дейінгі пероральді морфин немесе баламалы апиинды дозасы 12,5 мкг/сағат Фентавераның бір жүйесіне ауыстырылды.

Осы өзгерту жөніндегі ұсыным балалар үшін пероральді енгізілетін морфиннен (немесе оның баламасынан) Фентавера бұласырларына ауыстыруға ғана қолданылатынын атап өту керек.

Фентаверадан басқа анальгетиктерге ауысқанда осы ауысым сызбасын пайдалануға болмайды, өйткені артық дозалану болуы мүмкін.

Фентавераның алғашқы дозасының ауыруды басатын әсері алғашқы 24 сағат ішінде оңтайлы болмайды. Сондықтан Фентавераға ауысудан кейін алғашқы 12 сағат ішінде пациентке алдыңғы анальгетиктердің әдеттегі дозаларын тағайындау керек. Келесі 12 сағат ішінде осындай анальгетиктерді қолдану клиникалық қажеттілігіне негізделуі тиіс.

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Фентанилмен ем басталған соң кем дегенде 48 сағат ішінде немесе дозаны әр арттырудан кейін жағымсыз құбылыстардың, оның ішінде болжамды гиповентиляция туындауы тұрғысынан пациентті қадағалау ұсынылады. Фентавераны, қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмағандықтан, 2 жасқа толмаған балаларда пайдалануға болмайды.

Балаларда дозаларды титрлеу және демеуші ем

Фентавера бұласырларын әр 72 сағат сайын ауыстыру керек. Дозаны ауыруды басатын тиімділігіне және жағымдылығына жеткенше әркімге жеке титрлеу керек. Доза 72 сағат өтуінен ерте арттырылмауы тиіс.

Егер балаларда Фентавераның ауыруды басатын әсері жеткіліксіз болса, қосымша морфин немесе қысқа мерзімді әсер ететін басқа апиын тағайындау қажет. Сәбидегі қосымша анальгетиктер қажеттілігіне және ауыру айқындылығына қарай дозаны арттыру шешімін қабылдауға болады. Дозаны түзету 12,5 мкг фентанил/сағат қадамымен орындалуы тиіс.

Қолдану тәсілі

Фентавера трансдермальді пайдалануға арналған.

Фентавераны тұтас дене аумағындағы терінің тегіс, сәулеленуге және тітіркенуге ұшырамаған бөлігіне немесе білекке жапсыру керек.

Кішкентай балаларда сәбидің жүйені алып тастау ықтималдығын барынша болдырмау үшін ең дұрыс орын арқаның жоғарғы бөлігі болып табылады.

Жапсыру алдында жапсыратын жердегі түктер (ең дұрыс бөлігі - түкті жабынсыз жер) қиып тасталған (қырып алмаған) болуы тиіс. Егер Фентавераны жапсыратын жерді жапсыру алдында тазалап алу қажет болса, оған таза суды қолдану керек. Теріні тітіркендіруі немесе оның сипаттамаларын өзгертуі мүмкін сабын, майлар, лосьондар немесе басқа заттар пайдаланылмауы тиіс. Жүйені жапсырар алдында тері түгел құрғақ болуы тиіс. Жүйелер пайдалану алдында тексерілуі тиіс. Қандай да бір жағдайда кесіліп, бөлініп немесе бүлініп қалған жүйелер пайдаланылмауы тиіс.

Фентавераны баспаланған қаптамасынан шығарып алған соң бірден жапсыру керек. Қорғағыш сашеден жүйені шығарып алу үшін шеттерінің екі жағынан қиық (белгілеп қойған жерлерде) жасап алыңыз. Сашенің екі шетін ұқыпты жұлып немесе түгел кесіп алыңыз. Ашық сашенің екі жағынан ұстап тұрып, трансдермальді емдік жүйені суырып алыңыз. Қорғағыш үлбір ортасында шығарып алуға ыңғайлы тілігі бар. Жүйені ортасына жиып алып, ендірменің әр жартысын бөлек шығарыңыз. Жүйенің

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

желімді жағына тиеңіз. Жүйені теріге шамамен 30 секунд ішінде алақанмен жеңіл басып тұрып жапсырады. Жүйенің шеттері теріге жақсы жанаса жабысуын қадағалау керек. Сосын қолыңызды таза сумен жуыңыз. Фентавераны 72 сағат бойы үздіксіз жапсырып жүруге болады. Жаңа жүйені терінің басқа бөлігіне бұрын жапсырылған жүйені алып тастаған соң барып жапсыруға болады. Жаңа жүйені терінің дәл сол бөлігіне жапсырмас бұрын бірнеше күн өтуі тиіс.

Енгізу әдісі және жолы

Трансдермальді пайдалану үшін.

Артық дозалану жағдайында қабылдау қажет болатын шаралар

Симптомдары

Фентанилмен артық дозалану көрінісі оның фармакологиялық әсерінің күшеюі, осы орайда ең көп күрделі әсері тыныс тарылуы болып табылады.

Емдеу

Тыныс тарылуы жағдайында шұғыл шаралар Фентавераны дереу алып тастауды, сондай-ақ пациенттің тыныс алу функциясын физикалық және вербальді көтермелеуді қамтиды. Осы шараларды апиындардың спецификалық антагонисі – налоксон енгізумен толықтыруға болады, алайда, антогонист әсеріне қарағанда, тыныс тарылуы ұзаққа созылуы мүмкін. Антагонист дозаларын енгізулер арасындағы үзілістерді мұқият таңдау керек, өйткені жүйені алып тастаудан кейін теріден фентанил сіңірілуінің жалғасуы салдарынан налоксонды қайталап енгізу немесе инфузиясын ұзарту қажеттілігі туындауы мүмкін. Ауыруды басатын әсерінің жоғалуы күрт ауырсыну ұстамасының дамуына және катехоламиндердің босап шығуына әкелуі мүмкін.

Егер клиникалық жағдай талап етсе, тыныс алу мүмкіндігін қамтамасыз ету және оның сақталуын бақылап отыру керек. Оттегінің түсуін тұрақты бақылаумен ауыз-жұтқыншақтағы тыныс жолы арқылы немесе эндотрахеальді түтікше көмегімен жүзеге асырған жөн. Дененің тиісті температурасын сақтау және жеткілікті сұйықтық ішу қажет. Егер ауыр немесе тұрақты гипотензия дамыса, гиповолемия ескерілу керек. Жай-күйді тиісті сұйықтықты парентеральді енгізу жолымен бақылап отыру керек.

Тоқтату симптомдары қаупінің болуына көрсетілім

Егер Фентавера қолдануды тоқтату қажет болса, басқа апиындарға ауысу төмен дозасынан бастап біртіндеп арттырылып, бірте-бірте жүзеге асуы тиіс. Бұл жүйені алып тастаудан кейін фентанил деңгейлерінің біртіндеп

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

төмендеуіне байланысты. Сарысудағы фентанил концентрациясын 50 % төмендету үшін кемінде 20 сағат қажет болады. Тоқтату симптомдарының дамуын болдырмау үшін, әдетте, апиынмен емді тоқтату біртіндеп жүргізілуі тиіс.

Апиындарға физикалық тәуелді пациенттерде апиынды анальгетиктерді қабылдауды тез тоқтату күрделі тоқтату симптомдарына және бақыланбайтын ауырсынуға әкелгені туралы хабарламалар келіп түсті. Дозаны азайту жеке дозаға, емдеу ұзақтығына және пациенттің ауыруға және тоқтату симптомдарына деген реакциясына негізделуі тиіс. Ұзақ емделіп жүрген пациенттерге дозаны біртіндеп төмендету қажет болуы мүмкін. Қысқа кезең ішінде емделген пациенттер үшін дозаны төмендетудің жеделдеу кестесін қарастыруға болады.

Басқа препаратқа ауысудан соң немесе дозаны түзетуден кейін кейбір пациенттерде апиындарды тоқтату симптомдары туындауы мүмкін.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медициналық қызметкер кеңесіне жүгіну жөніндегі нұсқаулар

Дәрілік препаратты қабылдас бұрын дәрігер немесе фармацевт кеңесіне жүгініңіз.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағымсыз реакциялар сипаттамасы және осы жағдайда қабылдау керек шаралар

Осы клиникалық сынақтарды өткізу барысында фентанилмен трансдермальді емдік жүйелерді қолданумен байланысты хабарланған жағымсыз реакциялар, жоғарыда атап көрсетілген жағымсыз реакциялар мен тіркеуден кейінгі жағымсыз әсерлерді қоса, 5 кестеде берілген.

Жағымсыз реакциялар ағзалардың жүйелік класымен және әр жиілік санатында күрделілігінің кему ретімен берілген.

5 кесте: Ересектер мен балалардағы жағымсыз реакциялар					
Ағзалар жүйелері	Жиілігі				
	Өте жиі	Жиі	Жиі емес	Сирек	Белгісіз
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар		Аса жоғары сезімталдық			Анафилаксиялық шок, анафилаксиялық реакция,

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

					анафилактық реакция
Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар		Анорексия			
Эндокриндік бұзылулар					Андрогендік жеткіліксіздік
Психикалық бұзылыстар		Ұйқысыздық, депрессия, үрейлену, сананың шатасуы, елестеулер	Қозу, бағдардан жаңылу, эйфория		Делирий
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Ұйқышылдық, бас айналу, бас ауыру	Тремор, парестезия	Гипестезия, құрысулар (клонустық құрысулар мен эпилепсия ұстамаларын қоса), амнезия, сананың көмескіленуі, естен тану		
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар			Көрудің бұлыңғырлануы	Миоз	
Есту мүшесі		Вертиго			

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

және тепе-теңдік тарапынан бұзылулар					
Жүрек тарапынан бұзылулар		Жүректің жиі соғуы, тахикардия	Брадикардия, цианоз		
Тамырлар тарапынан бұзылулар		Гипертензия	Гипотензия		
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар		Ентігу	Тыныс алу функциясының бәсеңдеуі, респираторлық дистресс	Апноэ, гиповентиляция	Брадипноэ
Асқазан-ішек жолы (АІЖ) тарапынан бұзылулар	Жүрек айну, құсу, іш қату	Диарея, ауыз кеберсуі, асқазан ауыруы, АІЖ жоғарғы бөлімдерінің ауыруы, диспепсия	Ішек бітелісі	Ішінара ішек бітелісі	
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар		Гипергидроз, қышыну, бөртпе, эритема	Экзема, аллергиялық дерматит, терінің зақымдануы, дерматит, жанаспалы дерматит		

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Қаңқа- бұлшықет және дәнекер тін тарапынан бұзылулар		Бұлшықетте р түйілуі	Бұлшықеттер құрысуы		
Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар		Несеп іркілісі			
Жыныс мүшелері және сүт безі тарапынан бұзылулар			Эректильді дисфункция, жыныстық функция бұзылулары		
Жалпы сипаттағы асқынулар және қолданған жердегі реакциялар		Шаршау, шеткері ісіну, астения, дімкәстану, суықты сезіну	Қолданған жердегі реакция, тұмау тәрізді симптомдар, дене температурас ының өзгеруін сезіну, қолданған жердегі аса жоғары сезімталдық, препаратты тоқтату синдромы, қызба көрінісі*	Қолданға н жердегі дерматит, қолданға н жердегі экзема	

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

* Көрсетілген жиілік (жиі емес), тек онкологиялық аурумен байланыссыз ауыруы бар ересектер мен балаларды қоса, ауруға шалдығуды талдауға негізделген.

Фентавера құрамында соя майы бар

Өте сирек жағдайларда соя майы аллергиялық реакциялар тудыруы мүмкін.

Жекелеген жағымсыз әсерлер сипаттамасы

Басқа апиынды анальгетиктер жағдайындағы сияқты, Фентавераны ұзақ уақыт қолдану кезінде төзімділік, физикалық және психологиялық тәуелділік туындауы мүмкін.

Балалар

Қауіпсіздігі жөнінде біріктірілген деректерді негізге алғанда, ең көп жиі кездесетін (яғни, жағдайлардан $\geq 10\%$) жағымсыз реакциялар (кездесу жиілігі %) мыналар болды: құсу (33,9%), жүрек айну (23,5%), бас ауыру (16,3%), іш қатулар (13,5%), диарея (12,8%) және қышыну (12,8%) болды. Фентавера трансдермальді емдік жүйесін қайталап қолданғанда физикалық және психикалық тәуелділік, сондай-ақ төзімділік дамуы мүмкін. Бұрын қабылданған апиындардан Фентавера трансдермальді емдік жүйесіне ауысқанда немесе кейбір пациенттерде ем күрт тоқтатылған жағдайда жүрек айну, құсу, диарея, үрейлі күй және қалтырау сияқты тоқтату симптомдарын байқауға болады. Жүктілік кезеңінде Фентавераны ұзақ уақыт пайдалану салдарынан жаңа туған нәрестелердегі тоқтату синдромы туралы өте сирек хабарламалар болды. Серотониндік синдром жағдайлары фентанилді серотонинергиялық дәрілік заттармен бір мезгілде пайдаланудан кейін тіркелді.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындағанда медициналық қызметкерге, фармацевтикалық қызметкерге немесе, дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға болатын жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласу керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препарат құрамы

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

1 жүйенің құрамында

<i>белсенді зат</i> –	өлшемі 4,25 см ² жүйеде 2,55 мг фентанил бар және сағатына 12,5 микрограмм фентанил бөледі; өлшемі 8,5 см ² жүйеде 5,1 мг фентанил бар және сағатына 25 микрограмм фентанил бөледі; өлшемі 17 см ² жүйеде 10,2 мг фентанил бар және сағатына 50 микрограмм фентанил бөледі; өлшемі 25,5 см ² жүйеде 15,3 мг фентанил бар және сағатына 75 микрограмм фентанил бөледі; өлшемі 34 см ² жүйеде 20,4 мг фентанил бар және сағатына 100 микрограмм фентанил бөледі;
-----------------------	---

қосымша заттар: поли (2-этилгексилакрилат, винилацетат) Duro Tak 87-4098, алое вера жапырақтарының майлы экстрактісі, Foral 105-E канифоли эфиірі, полиэфирлі үлбір FL 2000 (жаңа атауы: Primeliner), сиямен таңбаланған полиэтилентерефталаттан (ПЭТ) жасалған үлбір Hostaphan MN 19 MED.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

«Fentanyl» белсенді зат атауы және «12 µg/h»⁴, «25 µg/h», «50 µg/h», «75 µg/h» және «100 µg/h» дозалары көрсетілген қорғағыш үлбірінде көк түсті сиямен түсірілген айқын біркелкі мөрімен (жазуымен) бұрыштары дөңгеленген төртбұрыш пішінді жартылай мөлдір трансдермальді емдік жүйе. Матрицалық таңба өлшемі: 4,25 см² (12,5 мкг/сағат), 8,5 см² (25 мкг/сағат), 17 см² (50 мкг/сағат), 25,5 см² (75 мкг/сағат) және 34 см² (100 мкг/сағат).

⁴12,5 мкг/сағат дозасы үшін жазуы мына үлгіде түсірілген: Fentanyl 12 µg/h. Осылайша, зауыт препарат тағайындалғанда пациентті қателесу мүмкіндігінен: осы 125 мкг/сағат дозасын 12,5 мкг/сағат орнына қабылдаудан сақтандырады. Түйіндеме: дозасы 12,5 мкг/сағат трансдермальді емдік жүйенің өлшемі 4,25 см² және құрамында жүйеден 12,5 мкг/сағат жылдамдықпен босатылатын 2,55 мг фентанил бар.

Шығарылу түрі және қаптамасы

1 жүйеден ламинацияланған фольгадан жасалған, барлық жағынан дәнекерленген жалпақ пакетке (саше) салады.

5 пакеттен (саше) медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі

2 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Сақтау шарттары

Түпнұсқалық қаптамасында 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәліметтер

«Luye Pharma AG», Ам Виндфельд 35, 83714, Мисбах, Германия

тел.: + 49 (0)8025 2867-0

e-mail: info@luyepharma.eu

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Acino AG», Леопольдштрассе 115, 80804 Мюнхен, Германия

тел.: + 49 89 3221280-10

e-mail: info.germany@acino.swiss

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттар сапасы туралы шағымдар (ұсыныстар) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, электронды пошта)

«Ацино Каз» ЖШС, Қазақстан,

050047, Алматы қаласы, Бостандық ауданы,

Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 223 үй, 243 т.е.

телефон: 8 (727) 364-56-61

e-mail: PV-KAZ@acino.swiss

Шешімі: N069558

Шешім тіркелген күні: 30.11.2023

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Тулешов К. А.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Решение: N069558

Дата решения: 30.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе